“Болашақ” бөбекжайы” ЖБҚ МКҚК

Тақырыбы: «Үш аюға көмектесейік»

Орындаған: Отарбекова А

2026 – 2027 ж

Мақсаты:

- Балаларды үлкендерге және кейіпкерлерге көмектесуге үйрету;
- Шашылған заттарды жинауға, ыдыстарды орнына қоюға дағдыландыру;
- Қарапайым еңбек әрекеттеріне қызығушылығын арттыру;
- Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: үш аюдың суреті немесе ойыншықтары, ойыншық ыдыстар, кішкентай орындық, себет.

Тәрбиеші:

– Балалар, бізге қонаққа кім келді?

– Дұрыс, қонжық аю келіпті. Олар орманнан үйіне келсе, үйінің іші шашылып жатыр екен.

Тәрбиеші балаларға шашылып жатқан ыдыстарды көрсетеді.

– Қонжыққа көмектесеміз бе?

Балалар:

– Иә!

1. «Ыдыстарды жинайық»

– Балалар, мына ыдыстар шашылып қалыпты. Қане, бәріміз бірге жинайық.

Балалар ойыншық тәрелке, қасық, кесе т.б. заттарды жинап, үстелге орналастырады.

Тәрбиеші әр әрекетті сөзбен сүйемелдейді:

– Кесені орнына қоямыз.

– Қасықты жинаймыз.

– Тәрелкені үстелге қоямыз.

– Қандай ұқыпты балалар!

2. «Қонжықтың орындығын жөндейік»

– Ой, балалар, мынау не болды? Бала аюдың кішкентай орындығы сынып қалыпты. Аюға көмектесейік.

Балаларға ойыншық орындықтың бөлшектерін біріктіреді.

– Бірге жасасақ, бәрі жақсы болады!

– Міне, орындығымыз дайын болды.

3. Қорытынды

Қонжық балаларға алғыс айтады.

Тәрбиеші:

– Біз бүгін аюларға не істедік?

– Ыдыстарды жинадық.

– Орындықты реттедік.

– Қонжыққа көмектестік.

«Еңбек етсең, көмектессең, айналаң таза әрі әдемі болады»









